Ұйымдастырушы "Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу бөлімі" ММ-і өткізген №13928742-1 «Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі» МКҚК үшін колледж ғимаратының сыртына ауласына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу конкурсы бойынша 25.02.2025 жылғы Қорытынды туралы хаттамамен келіспейміз. Келіспейтін себебіміз төменде көрсетілді.

Осы конкурсқа жіберілген Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің ішінде:

«Каспий тех групп» ЖШС-і - брусчатка қалаушы Мулкибаевтың жеке куәлігі жарамсыз, қолдану мерзімі өтіп кеткен;

«Меруерт LTD» ЖШС-і - еңбек ресурстары сертификаттарына «Меруерт LTD» ЖШС-нің мөрін (печать) қойып өздері дайындаған, ондай жағдайда осы ЖШС-тің оқу оқытуға рұқсат қағазы салынбаған.

Қалған осы конкурсқа қатысушылар ішінде ішінара конкурсқа рұқсат етілгендер:

-Paradise Kazakhstan;

-BM Holding;

-Tabys Stroi;

-Парус Актау курылыс,

осы Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің біліктілік құжаттары түгел емес, түсініксіз жағдайда конкурсқа талапқа сай деп жіберілген.

«CaspiBrandMaster» ЖШС-інде - Разнорабочий 2 адам, Сварщик 1 адам жетпейді деп конкурсқа қатысуға жіберілмеген. Бірақ, бізде адам саны талапқа сай конкурс құжаттамасында көрсетілген көлемде толық құжаттарымен салынып тұр.

Қалған конкурсқа жіберілмеген мекемелердің, атап айтқанда:
Aura Story; MSE; Ару-Ази; Ayagoz-Sapa; ИП Өмірзақ; Аманат АДМ; Amine Group; Самрук Астана 2030; Нәзір; ДК Есенаманова Б. Ж.; Шебер-Тараз өтінімдерінде еңбек ресурстары бойынша біліктілік құжаттары түгел емес.

Сол себепті, жоғарыда көрсетілген негіз бойынша Қорытындылар туралы хаттамамен келіспейтінімізді және конкурс қорытындысын қайта қарауыңызды сұраймын.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 78-тармағында көрсетілген: **Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы расталады.**

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республика Қаржы министрінің 2024 жылғы 9-қазандағы №687 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 9-қазанда №35238 болып тіркелді. Осы бұйрық қолданысқа 01.01.2025 ж. бастап енгізілді.

«CaspiBrandMaster» ЖШС-і басшысы Нурлыкулова Н. К.